

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



Құттықтаймыз!!!

7



13.10.2021 ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай және «Денсаулық фестивалі» Ұлттық бағдарламасы аясында, «Сау бол Жүз жаса!» ұранымен колледждің I курс студенттері арасында өткізілетін «Күзгі кросс» жеңіл атлетикалық жүгіріс ұйымдастырылды. Жарыстың қорытындысы бойынша ұлдар арасында: 1 орын Д.Дулат, 127 топ студенті, 2 орын С.Әшім, 114 топ студенті, 3 орын М.Ниязов, 111 топ студенті иеленді. Қыздар арасында: 1 орын А. Аширбек, 110 топ студенті, 2 орын Д. Райымбетова, 102 топ студенті, 3 орын Г. Қалиева, 103 топ студенті иеленді.



22.10.2021 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Ғылыми - тәжірибелік дене шынықтыру орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттері арасында өткен Жамбыл облысының XIII спартакиадасына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттері түрлі ойындарға қатысып, қыздар арасындағы тоғызқұмалақ, шекемтас ойындарынан жүлделі 1 орынды иеленді.



Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен, колледждің белсенді студенттері «Бірлік, Достық, Татулық-Ажырамас Әніміз!» тақырыбында этнос өкілдерінің салт-дәстүрі мен мәдениетін дамытуға арналған фестивальге қатысып, бас жүлде иеленді.

Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен, колледждің белсенді студенттері «Бірлік, Достық, Татулық-Ажырамас Әніміз!» тақырыбында этнос өкілдерінің салт-дәстүрі мен мәдениетін дамытуға арналған фестивальге қатысып, бас жүлде иеленді.



Корея Республикасының Алматыдағы бас консулының ұйымдастыруымен өткен, 2021 жылғы Таеквандодан(WT) балалар арасындағы кубогына колледждің 311 топ студенті Н.Корякин қатысып, жеңіске деген құштарлығы үшін III дәрежелі Дипломға ие болды.

«PRIMUS» Халықаралық таланттарды дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен 2021-2022 оқу жылындағы XXIV маусымдық білім және ғылым, IT-технологиясы, өнер, музыка және спорт бойынша халықаралық қашықтық жарысы. Халықаралық пән аралық олимпиадасына, «Орыс тілі және орыс әдебиеті» пәні бойынша колледждің 126 топ студенті У.Воропаева, 124 топ студенттері Д.Шарипова, А.Смаилова қатысып, жүлделі I орындарға ие болып, Дипломдармен марапатталды. Жетекшілері: Л.К.Мейрманова, К.Ж.Байбосынова, А.О.Бейсенбаева.



ОмГМУ-ң ұйымдастыруымен өткен "Жаңа идеялар" халықаралық сыныптан тыс әдістемелік әзірлеме дайындағаны үшін колледж оқытушылары С.Г.Бибосынова, Б.Б.Блейменова Сертификатқа ие болды.



Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдігінің ұйымдастыруымен "Адам құқығы біздің көзімізбен" атты халықаралық бейнероликтер байқауына, колледждің 311 топ студенті А.К.Анарбекова қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Медицина және білім: Инновация. Мәселе. Келешек» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға колледждің 221 топ студенті А. Оман қатысып, I дәрежелі Дипломмен және Сертификатпен марапатталды, жетекшісі: Б.С.Мадимарова. 143 топ студенті М.Қожамұратова Сертификатқа ие болды. Жетекшісі: Б.Б.Блейменова.



«Солнечный Свет» халықаралық білім беру порталының ұйымдастыруымен өткен «Мейіргер ісі негіздері» пәнінен «Мейіргер ісінің теориясы мен практикасы», «Профилактика негіздері», «Әр түрлі аурулар мен жағдайлардағы мейіргер күтімі» тақырыптарында өткен халықаралық интернет-тестке колледждің 217 топ студенті А.Е.Сокуреноко қатысып, жүлделі I орынға ие болды. Жетекшісі: С.Г.Бибосынова.

№2 5 қараша 2021 жыл жұма

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Семинар 1

Дәріс 2

Акция 3

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл 4

Тәрбие сағаты 5

Құқық бұзушылықты алдын алу 6

Құттықтаймыз !!! 7



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алақасы.

Колледж сайты: <https://hmc.zhambyl.kz>
 Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhm_k_zhambyl.kz



№2 5 қараша 2021 жыл жұма

№2 5 қараша 2021 жыл жұма

Семинар

1



21.10.2021 ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен ҚР Президенті

Қ.К.Тоқаевтың тіл мәселесіне қатысты бірқатар тапсырмаларын орындау мақсатында республика бойынша білім беру мекемелеріне қазақ тілін оқытуға бағытталған электронды порталдардың таныстыру семинары Zoom платформасы арқылы өткізілді. Қатысқандар: әдістеме кабинетінің меңгерушісі: Л.К.Мейрманова, әдіскер: А.К.Коконбаева, қазақ тілі пәні оқытушылары: Н.Ж.Абдраимова, Ж.И.Калмаханбетова, З.И.Абдалимова және 308 топ студенттері К.Азизова, З.Зуфарова, А.Миршарипова және 111 топ студенті М.Ниязов.

Дәріс

2



15.10.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Адал еңбек өмірді жақсартудың басты құралы» тақырыбында 128Е/Ф11/21 топ

студенттеріне №3 ЦӘК арнайы пәндер оқытушылары А.Р.Байбулекова, А.Ж. Қоканова дәріс оқыды. Дәрістің мақсаты: сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу. Қатысқандар: тәрбие бөлімінің меңгерушісі: Ж.Н.Айдабосынов, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі: Р.Б.Үсенов, жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясының хатшысы: Б.А.Қырықбаева, колледж психологы А.М.Божбанбаева, саналы ұрпақ жетекшісі 307 топ студенті А.Исмаилова

Акция

3



07.10.2021 ж. Колледждің студенттер кәсіподақ ұйымы «Қазақстан Республикасы кәсіподақтары күні» мерекесіне орай қалалық

масштапта акция өткізді. Акция барысында белсенді студенттер флешмоб билеп, қала тұрғындары мен қонақтарын студенттер кәсіподақ ұйымының негізгі міндеттерімен таныстырып, брошюралар таратты.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл

4



05.10.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Г.Ж.Кошкинбаева «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына» арналған I курс студенттер арасында «Тәуелсіздік патриоттық өрендерім» тақырыбында бейнеролик байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: студенттедің өткен тарихымызға деген ұлттық

көзқарастарын қалыптастыру. Елін, Отанын сүюге және егемен елімізді сақтауға, оны гүлдендіруге құштар патриоттық күш-қуаты мол жастарды тәрбелеу. Байқау жеңімпаздары: I орын 102 М-9/21, II орын 108 СД-9/21, III орын 110 ЕФ-9/21.



06.10.2021 ж. «Қазақстандық патриотизм және азаматтық» тәрбие бағыты бойынша Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында және қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің -

дүлдүлі, жырау, жырышы Жамбыл Жабаевтың 175 жыл толуына орай «Көп жасаған қария, Ақылы теңіз - дария» тақырыбында «Мейіргер ісі» және «Емдеу ісі» мамандықтарының I курс студенттері арасында үздік ессе жазу байқауы өтті. Ессе байқауының қорытындысы бойынша: I дәрежелі диплом 109 ЕФ-9/21 студенті Ж.Құрман, II дәрежелі диплом 103 М-9/21 студенті Қ.Құдайберген, III дәрежелі диплом 101 М-9/21 студенті Д. Асан. Ұйымдастырушы: қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы З.И.Абдалимова.



12.10.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «16 қазан - Дүниежүзілік нан күні» тақырыбында 209 М - 9 / 20 топ студенттерімен тәрбие

сағаты өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: студенттердің бойында ауылшаруашылығы саласында еңбек ететін қызметкерлер мен еңбекшілерге деген құрмет қалыптастыру және адамзаттың ең құрметті асы саналатын «нанды» кәсіпкерлерге баулу. Қатысқандар: тәрбие бөлімінің меңгерушісі: Ж.Н.Айдабосынова, топ кураторы: А.Р.Байбулекова



20.10.2021ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Жүректен шыққан жылы сөз, жүрекке жетеді» тақырыбында 2 курс студенттерімен психологиялық тренинг өтті.

Тәрбие сағаты

5



09.10.2021ж. 9-қазан «Мүмкіндігі шектеулі жандар күні!» колледжде «Жақсы көңіл-күй жан азығы» атты мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған

іс-шаралар өткізілді. Студенттер кәсіподақ ұйымының атынан балаларды кинотеатрға апарды. Мақсаты: студенттердің бойына адамгершілік құндылықтарды баулу, мейірбандыққа тәрбиелеу, өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту.




13.10.21ж. Тәрбие бөлімі және 102 М-9/21 топ студенттерінің ұйымдастыруымен, 2 қазан-Тұңғыш қазақ ғарышкердің сапарға аттанғанына 30 жыл толуына орай

Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының ақырғы (72-ші) ғарышкері, Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға белсене араласқан Тоқтар Әубәкіровтің өмір жолы, туып - өскен, оқып білім алған ортасы, қызмет еткен орындары туралы рухани білім беру мақсатында «Аты алтынмен апталып тарихқа енген, қазақтың тұңғыш ғарышкері - Тоқтар Әубәкіров» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Топ жетекшісі: Н.Ж.Абдраимова.




14.20.10.2021 ж. Тәрбие бөлімі тарих пәнінің оқытушысы Г.Ж.Иманалиева Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына толуына орай, «Жетістіктер тарихы» тақырыбында 201 топ студенттерімен ашық тәрбие сағатын өтті.



25.10.2021 ж. Колледжде «Қазақстандық патриотизм және азаматтық» тәрбие бағыты бойынша «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет жарғысы» тақырыбында 132 топ студенттерімен тәрбие сағаты өтті. Оқытушы: Ғ.А.Сыздықова.

Құқық бұзушылықты алдын алу

6



06.10.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция майоры Ж.Ш. Токтубаева және полиция аға лейтенанты М.Қ.Егембердиеваның

қатысуымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу - басты міндет» тақырыбында II ауысымда оқитын студенттермен жиналыс өтті.



12.10.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты И.С.Орынбайдың қатысуымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу - басты міндет» тақырыбында I ауысымда оқитын ұлдар жиналысы өткізілді.

бұзушылықтың алдын алу - басты міндет» тақырыбында I ауысымда оқитын ұлдар жиналысы өткізілді.



21.10.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен I курс студенттерінің бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру, құқық бұзушылыққа бой алдырмау және полиция

қызметкерлерінің жұмыстарымен танысу мақсатында, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы қордағы аға лейтенант Ж.Б.Бегалиев мұражайға апарды. Мұражай басшысы Г.Ю.Зияутдинова колледж студенттеріне халық қаһарманы Ғ. Байтасовтың ерлігі туралы көптеген мағлұматтар беріп, бейнеролик көрсетіп, құқық бұзушылыққа жол бермеу, қылмыстың түбі жаза екендігін айтып, жеткіншектерді бұзақылық жасамауға шақырды.



22.10.2021 ж. Құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша құрылған №1 мобильдік топ мүшелерінің қатысуымен «Діни сауаттылық – қоғам қауіпсіздігі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге Жамбыл облысы әкімдігі Дін проблемаларын зерттеу орталығының инспекторы Б.Р.Бекмолдаев және «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ш.Б. Сүйімқұл қатысып, студенттерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді.